

## № 15 дәріс

### Тақырыбы: ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АНА ТІЛІ

**Дәрістің мақсаты:** Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі екенін түсіндіру, мысалдар арқылы дәлелдеп көрсету. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын тіл, қазақ тілінің жазуы, фонетикасы, грамматикасы, сөз таптарынан мағлұмат беру.

**Дәрістің жоспары:**

1. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі.
2. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын тіл.

1. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Алайда, Қазақстанда мемлекеттік тілді енгізу және дамыту мәселесі қазіргі уақытқа дейін толық шешілген жоқ. Бұл мәселе уақыт еншісінде деп санаймыз. ХХ ғасырдың басында Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды.» - деген болатын. Әрине, мақсат орыс тілінен бір күнде бас тарту емес, қазақ тілі мен орыс тілін бір біріне қарсы қою да емес. Дегенмен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін шын мәнінде алуы ғана мемлекетті мемлекет ете алады. Сондықтан, мемлекеттік, яғни қазақ тілін оқу қажеттілі туып отыр.

Қазақ тілінің тарихы тереңнен бастау алады, ол алтай тілдері семьясының түркі тілдері тобына жатады. Ал, жалпы Алтай тілдері семьясына түркі тілдерінен басқа тұңғыс-манчжур, монғол, фин-угро тілдері де кіреді. Сондай-ақ, кейбір болжамдар бойынша жапон және корей тілдері де Алтай тіл семьясына жатады екен. Түркі халықтары Солтүстік Мұзды мұхиттан бастап Жерорта теңізіне дейінгі дейінгі ұланғайыр аумақта тұрады. Біздің есебімізше 60-тан астам түркі халықтары бар. Түркі халықтарының мынадай мемлекеттерін атап өтуге болады: Түркия және бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болып өз тәуелсіздіктерін алған Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Әзербайжан. Олардан басқа тәуелсіздігін ресми түрде Түркия ғана мойындаған Солтүстік Кипр Түрік Республикасын атап өтуге болады. Ресей Федерациясының құрамындағы татарлардың, башқұрттардың, чуваштардың, сахалардың, алтайлықтардың, тувалықтардың, хақастардың, қарашайлар мен балқарлардың автономиялық республикалары бар. Қытайда ұйғырлар мен қазақтардың, сондай-ақ тағы басқа да түркі халықтарының өз автономиясы – Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы бар. Шыңжаңда тұратын қазақтар негізінен Алтай, Іле, Тарбағатай өңірлерінде шоғырланған. Қытай қазақтарының тағы екі автономиялық округы Алтыншоқы мен Ақсайды да атап өту ләзім. Сонымен бірге, тағы екі түркі халқының да өз автономиялары бар – бұл Молдова

құрамындағы Гагаузия және Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан. Ал Қырым татарлары мен Месхеттік түріктердің мәселесі әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Өкінішке орай, Иран мен Ирак түркілері және Ауған Түркістаны туралы ақпарат өте мардымсыз.

Ірі түркі халықтары: түріктер, әзербайжандар, өзбектер, қазақтар, ұйғырлар, татарлар, қырғыздар және түркімендер, башқұрттар, чуваштар және т.б. Біз ежелгі түркі халықтары қыпшақтарға, ғұндарға, оғыздарға және қарлұқтарға тоқталмаймыз, өйткені бұл тақырып көп қозғалып жүр.

Түркі халықтары бірнеше тіл топтарына бөлінеді, оның ішінде ең ірілері әрі белгілілері: қыпшақ тобы, оғыз тобы, бұлғар тобы және сібір тобы. Қыпшақ тобын татарлар, башқұрттар, қазақтар, қарақалпақтар, ноғайлар, құмықтар, қарашайлар, балқарлар құрайды. Оғыз тобын түркімендер, әзербайжандар, түріктер, гагауыздар құрайды. Ал бұлғар тобына чуваштар жатады. Қарлық тобына жататын халықтар: өзбектер, ұйғырлар. Сібір тобының халықтары сахалар, хақастар және т.б.

Өз кезегінде Қыпшақ тілдері мынадай топтарға бірігетінін атап өту қажет:

- армян қыпшақ тілі (өлі тіл),
- қарайым тілі,
- қарашай-балқар тілі,
- Қырым татар тілі,
- қырымшақ тілі,
- құман тілі (өлі тіл),
- құмық тілі,
- татар тілі,
- ұрым тілі.
- қазақ тілі,
- қарақалпақ тілі,
- ноғай тілі,
- өзбек тілінің қыпшақ диалектілері,
- алтай тілі,
- қырғыз тілі,
- башқұрт тілі.

Енді, қазақ тілі мен қазақтарға азды-көпті тоқтала кетсек.

Қазақ халқының атауының пайда болуына қатысты көптеген болжамдар бар. Бірақ, біздің ойымша түркі тілдеріндегі «қазақтар» – еркін, бостандық сүйгіш деген ұғым беретін мағынасы көкейге қонады. Өз атауымыз «қазақтан» айырылғанымыз кеше ғана, орыс тілінде казак пен қазақты ажырату үшін «казах» болып жүрген жайымыз бар. Өткен ғасырдың 20 жылдары Кеңес Одағының құрамында болған Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы сол дәуірде Қазақстан емес Казакстан болғаны тағы да бәрімізге мәлім.

2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызы аралығында Қазақстанда жүргізілген халық санағының алдын ала қорытындысы бойынша республикасы халқының саны 16 миллион 403 мың адамға жетті және оның 67 пайызын қазақтар құрады. Сондай-ақ, санақ аяқталған соң тағы 12000

адам Қазақстанның азаматтығын алды және олардың басым көпшілігі де өз қандастарымыз. Қазіргі күні, дүние жүзіндегі қазақтардың саны 17 миллионды құрап отыр. Қазақтар Қазақстаннан басқа Әлемнің елуден астам елінде өмір сүреді.

Қазақтардың негізгі бөлігі Қазақстанмен шекаралас елдерде тұрады. Қазақтардың ең көп диаспорасы Қытайда (2,7 млн), Өзбекстанда (1,5 млн), Ресейде (1,2 млн) шоғырланған. Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері шамамен 1 миллион этникалық қазақтар (оралмандар) елімізге оралды. Қазақстан Германия, Израиль, Греция, Ресей сияқты этникалық отандастар мәселесімен айналысатын Әлемдегі санаулы елдердің бірі. Жақында шетелдегі қазақтарды көшіріп алу және қоныстандыру мәселесімен айналысу үшін «Нұрлы көш» бағдарламасының қабылданғаны да белгілі.

Әлемнің әр түпкірінде тарыдай шашылған қазақтардың басты проблемасы – ол жазу-сызу мәселесі. Мысалы, Қазақстан, Монғолия, ТМД елдерінің (Өзбекстан мен Түркіменстанды қоспағанда) және Балтық бойының қазақтары кириллицаны, ал Түркия мен Еуропа және Америка қазақтары латиницаны, Қытай, Ауғанстан, Иран және араб елдеріндегі қазақтар кезінде Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалап кеткен «төте жазуды» пайдаланады. Бұл жердегі басты проблема – ол Әлемдегі қазақтар бір бірімен сұхбаттаса алады, тек хат-хабар алмасу кезінде әртүрлі қаріптердің қолбайлау болатындығы.

Қазақстанда шамамен қазақ балаларының 80 пайызы қазақ мектептерінде оқиды және мектептердің шамамен 70 пайызы қазақ тілінде дәріс береді. Бірақ дәл осы арадан даулы мәселе туындайды. Неліктен көптеген қалалардағы, әсіресе, ірі қалалардағы көптеген мектептер «аралас мектептерден» тұрады. Бұл нені білдіреді? Мысалы, мектепте дәріс алушылардың көпшілігі орыс тілінде оқитын болса, сол мектепте дәріс алатындардың азшылығы қазақ тілінде білім алатын балалар. Міне, сондықтан да орыс тілінің басымдығы білініп тұрады. Бірақ, осыдан жиырма жыл бұрын, әсіресе Қазақстанның ірі қалаларында қазақ тіліндегі мектептердің саны өте аз болғаны есімізде, мысалы, миллион тұрғыны бар Алматыда бар болғаны бір ғана қазақ мектебі болып еді. Қазақ мектептері Өзбекстанда, Түркіменстанда, Монғолияда және Қытайда бар, ал бір миллион екі жүз мың қазақ тұратын Ресейде бір ғана қазақ мектебінің болуы өте ойлантатын жағдай. Бұл – Алтайдың Керей ауылындағы Қаракөл орта мектебі. Қазақтардың Қырғызстанда 100000 диаспорасы бола тұра қазіргі күнге дейін бірде бір қазақ мектебі жоқ.

Бұрынғы Кеңес Одағының елдерімен салыстырғанда тіл жағдайы бойынша Қазақстан тек Беларусьтің алдында тұр. Егер Балтық бойы елдері орыс тіліне қатысты әуелден қатты ұстаным ұстаған болатын болса, Кавказ сырты елдерінде әлімсақтан мемлекеттік тіл проблемасы болған жоқ. Ал Орта Азия елдерін алатын болсақ, тілдік жағдай осыған ұқсас, тек Түркіменстан мен Өзбекстанға қарағанда Қырғызстан мен Қазақстан орыс

тілінің үстемдігіне көбірек бой алдырған. Міне, сондықтан орыс тілінің басымдығы әлі де білініп отыр.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында мыналар атап көрсетілген: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі». Конституцияға сүйене отырып, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заң қабылданды. «Тіл туралы» заңға сәйкес 4-бапта: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті».

Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы және Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, онда 2010 жылға қарай барлық орталық және жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік тілді кезең кезеңмен енгізу жоспарлануда. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мынадай міндеттер қойылады: «Мемлекеттік тіл бірқатар мемлекеттік басқару органдарында қолданылмайды немесе мардымсыз қолданылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы 2010 жылға дейін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағындағы қағиданы сақтай отырып жүргізуі қажет:

2006 жылы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2007 жылы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан

Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2008 жылы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2009 жылы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының өңірлік қаржылық орталығы қызметін реттеу агенттігі.».

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті мемлекеттік тілді дамыту және енгізу жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

2008 жылы мемлекеттік тілді дамыту үшін бюджеттен едәуір қаражат бөлінді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамашылығымен Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры құрылды. Сондай-ақ, 2008 жылы Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Онда мынадай сәттерді атап көрсетуге болады: Халықаралық тәжірибені жүйелі зерделеу және Қазақстанға енгізу үшін Қазақстанның ЕО елдерімен тіл саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық орталығын құру, қазақ тілін білу деңгейін бағалау бойынша ҚАЗТЕСТ жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасының көрнекі ақпаратының жай-күйін зерделеу бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу, қазақ тілінде балаларға арналған анимациялық және көркем фильмдер шығару.

Жоғарыда аталған және мемлекеттік тілді енгізу және дамыту жөніндегі басқа да шаралар үшін 2009 жылы бюджеттен 5 066 313 мың теңге бөлінді, ал 2010 жылы 4 763 727 мың теңге бөлу жоспарлануда.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін қазақтардың 25 пайызы (кейбіреулер 40 пайызы деп айтып жүрді) өз ана тілін білмеді деген ақпарат кең тараған болатын.

Әрине, егер ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы қазақтардың пайыздық үлесі 80 пайызды құраған болса, ол үлес 1959 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруден кейін 29 пайызды құрағаны тағы аян. Бірақ, жаппай орыстандыруға қарамастан қазақ тілі әрбір қазақ отбасында естіліп тұрды.

Соңғы уақытта Қазақстанда мынадай қызық үрдісті байқауға болады: жергілікті емес ұлттар өкілдері өз балаларын қазақ тіліндегі бала бақшаларға, мектептерге беруде. Қазақ мектептерінде оқитын өзге ұлт балаларының саны 25 мыңға жетті. Санмен бірге сапа да өсуде. Мысалы, Ақтөбе қаласында балалар үйінің ұлты қазақ емес тәрбиеленушілері арасында мемлекеттік тілді білу бойынша сайыста тәрбиеленуші жасөспірім жігіт қазақ тілін тамаша білетінін көрсетті және қала әкімінің қолынан пәтер кілті табыс етілді. Бір қуантатыны басқа ұлт өкілдерінің арасында мемлекеттік тілді жан-тәнімен үйренушілер де және жауапкершілікпен қарайтын да жандардың көбеюі. Міне, сондықтан мемлекеттік тіл – қазақ тілін қоғамдағы өзінің лайықты орнын алатын күн де алыс емес.

Қазақ тарихындағы белгілі Шәкәрім қажы өз шежіресінде «Әз Жәнібек қазақты алып ауарда, Ноғай аталған туысқандарымыздың жақсылары қазақтың жақсыларымен көрісіп, амандасып жылапты. Соны біздің қазақ домбырашылары ноғай-қазақ айырылғандағы жылау күй деп, домбырамен «Ел айырылған» атты зарлы күй тартады» - дейді. Қазақ жыршылары:

Орманбет хан өлген күн,

он сан ноғай бүлген күн,

Қазақ пен Ноғай айырылды,

Қазақ сартқа қайырылды – деп жырлайтын ноғай бауырларымыздың саны 100000 шамасында. Тарихта Еуразия даласын дүр сілкіндірген халықтың тек жұрнағы ғана қалды. Міне, сондықтан, «халқымыз ноғайлардың тағдырын қайталамасын» - деген оймен «қазақ тілі шынайы мемлекеттік тіл болса екен» - деп тілейік.

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі.

2. Қазақ тілі түркі тілдердің қыпшақ тобына жатады, соның ішіндегі қарақалпақ, ноғай, қарағаш тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай топшасын құрады. Тағы да татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарай, қырымлы (қырым-татар) тілдеріне жақын. Мазмұны

1 Жазуы

2 Фонетика

2.1 Дауысты дыбыстар

2.2 Дауыссыз дыбыстар

3 Грамматика

3.1 Сөз таптары

## 3.2 Септіктер

### Жазуы

Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1929 жылға дейін Қазақстанда қазақ араб жазуын пайдаланды. XX ғ. басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасына негізделген араб-парсы әліппесін (төте жазу) пайдаланған. Қазір де Қытайда істе. 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын графикасы қолданылып, 1940 жылдан қазірге дейін кирилл әліпбиі қолдануда. Түркия мен Батыс елдердегі қазақтар әртүрлі латын жазуына негізделген әліппелерді пайдаланады. Кирилл жазуы Араб жазуы Латын жазуы

Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс. قاسديەتى مەن بادل ق ادامدار تۆمد سد نان ازات جانە قاددر وجدان پ اراسات، ار-كؤقد ق تارى تەڭ ب ولد پ دؤن يەگە كەلمدى. ادامدارعا اقد ل -د ق قارمېد ردمەن تۆد سد تاق، ب اؤد رمالدبەرد لگەن، سوزدد ق تان ولار عبد ر بارلىق ادامدار twmısınan azat jäne qadir-qasiyeti men kuqıqtarı teñ bolıp dünüyege keledi. Adamdarğa aqıl-parasat, ar-ojdan berilgen, sondıqtan olar bir-birimen twıstıq, bawırmaldıq qarım-qatınas jasawları tıis.

### Фонетика

Қазақ тілі буын үндестігіне негізделеді, яғни қазақтың төл сөздері не бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келеді, және жуан дауысты буындардағы дауыссыз дыбыстар жуан түрде айтылады (мысалы: тыс, құрт), ал жіңішке дауысты буындарда жіңішке естіледі (мысалы: тіс, күрт).

Қазақ тілінде екпін көбінесе соңғы буынға түседі.

#### Дауысты дыбыстар

Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э

Дауысты дыбыс тіл, жақ және еріннің қатысына қарай жуан және жіңішке, ашық және қысаң, еріндік және езулік болып жіктеледі: Тілдің қатысына қарай:

Жуан: а, о, ұ, ы, у.

Жіңішке: ә, ө, ү, і, е, и, у, э.

Жақтың қатысына қарай:

Ашық: а, ә, о, ө, е, э.

Қысаң: ы, і, и, у, ү, ұ.

Еріннің қатысына қарай:

Еріндік: о, ө, ұ, ү, у.

Езулік: а, ә, е, ы, і, и, э.

#### Дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыс өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуынан жасалады. Қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.

Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай ұяң, үнді және қатаң болып үшке бөлінеді.

Ұяң: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ

Үнді: й, л, м, н, ң, р, у

Қатаң: к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш,

Грамматика

Қазақ тілінде сөз алдында тұратын көмекші сөздер (preposition) орнына, сөз артынан келетін шылау (postposition) не тиісті жалғау қолданылады (мысалы: қазақ тілі туралы мақаланы энциклопедияға қосу).

Сан есімі бар зат есім жекеше түрінде беріледі (мысалы: «мен екі мақала жаздым», бірақ «мақалаларымда көп қате жіберіппін»).

Сөз таптары

Қазақ тілінде келесі сөз таптары бар

Зат есім (бет, қол)

Сын есім (қызыл, биік)

Сан есім (бір, жүз)

Есімдік (мен, сен)

Етістік (бару, жазу)

Үстеу (тез, таза)

Шылау (үшін, туралы)

Еліктеу сөз (күмп, тарс-тұрс, ыржың-ыржың)

Одағай (алақай, тәйт, құрау-құрау)

Септіктер

Қазақ тілінде 7 септік бар. Төменде әр септіктің сұрақтары, жалғаулары мен мысалдары берілген: септік сұрағы жалғауы мысалы

Атау кім? не? (жоқ) кісі, ат

Ілік кімнің? ненің? -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің кісінің, аттың

Барыс кімге? неге? қайда? -ға/-ге, -қа/-ке кісіге, атқа

Табыс кімді? нені? -ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті кісіні, атты

Жатыс кімде? неде? қайда? -да/-де, -та/-те кісінде, атта

Шығыс кімнен? неден? -нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен кісіден, аттан

Көмектес кіммен? немен? -мен/-бен/-пен кісімен, атпен

Жазу тарихына байланысты ақпараттар.

Жазу – адамзаттық ақыл-ой парасатының жемісі, адамның сәби санасын тербетіп, өркениетке тәрбиелеген ой ұйытқысы. Ол кеңістіктер мен уақыт арасындағы иылымын байланыстырды. Сол арқылы дүниетаным мен тарих тәжірибелері жинақталып, рухани мәдени құндылыққа айналды. Егерде жазу өнері дүниеге келмесе, онда адамзат тарихы мүлдем басқаша жолмен дамыр еді. Тастағы таңбалардан бастап бүгінгі қалыптасқан әріп үлгісіне дейін жазу тарихы төрт түрлі (пиктографиялық, идеографиялық, буындық және әріптік-дыбыстық) даму дәуірінен өтті. Бұл – адамның ойлау мен сөйлеу қабілетін байланыстырды, сөздік қорын молайтып, тектік тіл жүйесін қалыптастырды.

Адамзаттың даму тарихындағы көшпелілер өркениетін қалыптастырып, «мәңгілік ел» идеясын ұсынған, қазір өзара тамырлас 33 тілде 30-дан астам диалектіде сөйлейтін түбі бір түркі жұрты да өзінің әлмисақтан бергі тарихында 16 жазу үлгісін қолданды.



### Фразограммалық шолу.

Түркі этносының төл туындысы байырғы түрік бітігтің бастау қайнары б.з.б. 20-15 мың жыл бұрын тас бетіне жазылып бізге жеткен петроглифтен басталады. Пиктографиялық бұл идеограммалар Еуразия құрлығында мол сақталған. Соның бірі Солтүстік Алтай жотасының Хойт-Ценхер үңгірінен табылған суреттер. (А.П.Окладников. Центральноеазиатский очаг бервобытного искусство.// ВАН. 1967, №1. – 108стр.) Бұл идеограммаларды жазу тарихында фразограммалық жазулар деп атайды.

Б.з.б. 14-10 мың жыл бұрын тасқа қашалып сақталған. Аршан-хад таңбалары (Э.А.Новоградова. Аршан-хад древнейший памятник изобразительного искусства Восточный монголий // История и культуры Центральной Азии. 1983 с., 306 – 310) болмақ.

### Логограммалық жазу.

Осы фразограммалық жазудан бас алған түркі халқының бітік (руника)жазуы өзінің даму тарихының келесі кезеңдерінде логограммалық, буындық (3. Буындық жазу) және фонограммалық жазу (4. Фонограммалық жазу (Түрік бітік)) кезеңдерін басып өтіп б.з. 552 -580 жылдар аралығында байырғы түрік бітігі (руника) жазуының грамматикалық ережесін жасап, ежелгі түрік бітігке реформа жасаған екен. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана, 2007. – 93-153 беттер).

Байырғы түрік бітігі әлемдегі бүгінгі 250 -300 миллион түркілердің ата-бабасының өздері жасап шығарған бірден – бір төл жазуы – төл туындысы. Бұл жазуға жаттық пиғылы, ой-санасы (мышление) кіріспеген таза түркілік туынды. Байырғы түрік әліпбиі буындық кезеңнен кейінгі фонограммалық кезеңнен бастап нағыз әліпбилік жазуға ұласқан. Әліпбилік жазу үлгісіне ауысқан. Бұл б.з.б. IV-II ғ.ғ. аралығы. Осы кезеңнен алып қарасақ б.з. X ғасырына дейін 1200 – 1400 жыл қолданыста болған. Б.з. IX – ғасырынан кейін соғды, соғдыдан бас алған ұйғыр жазуын X ғасырдан бастап арап әліпбиіне көше бастады. Соғдыдан кейінгі бүгінге дейін пайдаланып келген жазуларымыз түркі емес, жаттық санасымен жасалған өгей әліпбилер.

Байырғы түрік бітігінің ғылыми жүйесін 1400 жылдан соң А.Байтұрсынов жаңғыртып арап графикалы қазақ (төте) әліпбиге еңгізді.

Қытай иероглифін дипломатиялық қатынаста б.з. VII – VIII ғғ. дәуірінде дипломатиялық тұрғыда қолданған. Оның тарихи дерегі Орда – балық қаласындағы үш тілді ұстындағы қытай мәтіні, Қара-ғол (Қара өзен) ұстыны т.т.с.с. тарихи мұраларды айтуға болады. 6. Брехим жазуын байырғы түріктер IV-VI ғғ. Дәуірінде дипломатиялық тұрғыда қолданған.

Брехим жазуын байырғы түріктер IV – VI ғғ. дәуірінде дипломатиялық тұрғыда қолданған күйіс толғай (Кіндік төбе) ұстыны, Бұғыты, Орда-балық ұстынындағы мәтіндер соның бұлтартпас дәлелдері.

Соғды жазуын түркілер тағы да сол халықаралық деңгейде, дипломатиялық тұрғыда б.з. VI- VIII ғ.ғ. қолданған. Соғды тілінің (парсы) көптеген діни уағыз кітаптарды аударған. Дерекі: Орда-балық ескерткіші және Бұғыты ұстыны.

Ұйғыр жазуы. Соғды жазуының бірнеше әріптерін, жазудың жазу бағыттарын өзгертіп, Тоғыз-оғыз (керей), Сегіз-оғыз (найман) тайпалары біріккен түрік қағанат дәуірінде (б.з. 789 жылдан) Ұйғыржын-соғды әліпбиін түркілер б.з. VIII-X VII ғ.ғ. аралығын пайдаланған ұстын тастан бастап жүздеген кітаптарды өмірге әкелді. Атақты Құтадғу білік (Жүсіп Баласағұн) атты еңбектердің бір нұсқасы «Алтын жазық», «Бал ашу кітабы» сияқты еңбектер Ұйғыржын-соғды жазуымен сақталған.

Манихей жазуы. Бұл әліпбиді ту баста Қосөзендік Мани деген адам манихей дінін өмірге келтірген кезден бастап қолданысқа енгізген. Б.з. III ғасырынан Манихей әліпбиі пайда болды. Түркілер б.з. 760-жылдардан бастап еніп б.з. 805-жылдарға дейін қолданыста болды.

Манихей әріпімен жазылған кітаптардан аудармалар жасалған.

Манихей әріпін, дінін жасаушылар парсыдан қуылғаннан кейін Египетте аз болып, негізі тұрағын Шығыс Түркістаннан тапқан. Сөйтіп өзінің манихей атты мәдениетін түркілердің ортасында дамытып, түркі әлемінің дүниетанымына айналдырған. Манихей әріпімен әлемге әйгілі «Хаустуанафт» (Покаянная молитва манихейцев VII-VII в.в.), «Бөгү-қаған жазбасы» (VIII ғ.), байырғы түркі өлеңдер циклі (т.т. III), манихей дінінің трактаттары жазылған.

Араб әліпбиі.

- Куфиліккітаби жазу үлгісі IXғ.

- Қазіргі заманғы араб жазуы

(Құранның бірінші сүресі).

Араб әліпбиі ислам дініне дейін қалыптасып үлгерген. Араб жазуының бірнеше түрі болған. Оның бірі – геометриялық куфилік жазу (месопотоманың Куфа қаласының атымен аталған). Байырғы ескерткіштер мен ақшаларға XII ғасырға дейін пайдаланған. Құранға осы куфи жазуын пайдаланған. Екінші түрін «наسخ» деп атаған. Бұл бүгінгі кітаби араб жазуының шрифтісі.

Сириялық әліпбиі. Б.з. V-XV ғ.ғ.

Ең алғаш христиандық әдебиеттерге сирия жазуының «экстрангел» деп аталатын вариантын V ғасырдан пайдалана бастаған.

Фарс империясының несториандық сектасын тұтынушы шығыс сириялықтар сирия жазуының несторион вариантын, батыс сириялықтар «серито

Деп аталатын және бір вариантын пайдаланды. Бұл жазулармен христиан дінінің уағыздарын, Талас бойындағы құлыптастардың эпитафиясын жазып қалдырған.

Қидан жазуы. Б.з. IX-X ғ.ғ. байырғы түркі руникалық мәтіндерде «қытай» деген атпен XI-XII ғасырда «Қара қытай» деген атпен белгілі болған қытай деректерінде «Лао» деп аталған маңғол тектес халық. Қидандарда «үлкен» немесе қытай иероглифі, «кіші» немесе қиданның ұлттық иероглифі болған. Осы кіші жазумен мыңдаған шежіре, кітаптар, деректер, ескерткіштер қалған. Өкініштісі, бұл жазудың бұл жазудың бүгінге дейін кілті табылған жоқ.

Моңғол жазуы (XIII-XXI), жоғарыдан төмен қарай жазылады.

Шыңғыс ханның қолына тұтқынға түскен найман мемлекетінің Таянханының хатшысы Тататуңға қағанның бұйрығымен ұйғыр әріпінің негізінде монғол жазуын жасап шығарған. Бұл жазумен «Күпия шежіре», «Алтын шежіре», «Қазыналар қоры», «Ганжурдың» 105 томы, «Данжурдың» 215 томы сияқты ғылыми еңбектер жазылған. Монғол жазуының негізінде ойраттар – «Тот» (анық), манжур ханы Нұрхаштың бұйрығымен Дахай деген оқымысты 1632 жылы «манжу» жазуын өмірге әкелген.

Армян жазуы (V ғ.). Солдан оңға қарай жазылатын аршакид (пехлеви) әріпінің негізінде жасалған. Оның жазбша және баспаша түрі бар. Түркі-қыпшықтар осы армян жазуын пайдалана отырып, түркі-қыпшақ сөздіктері мен уағыздық әдебиеттерді дүниеге әкелді. Бұл әліпби әлі күнге дейін пайдаланылады.

Қазақ әліпбиі. Қазақ жазуы немесе Ахмет Байтұрсынның әліпбиі (XX ғ.). қазақ елі IX ғасырдан бері қолданып келе жатқан әліпбиінің негізінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негіздеп, оған жаңа әріптік таңбалар қосып (ә, ң, ғ, з, қ, ө, ү, ұ) жасап шыққан. 1912 жылдан бастап қазіргі күнге дейін пайдаланып келеді. ҚХР дағы қазақ халқының рухани дүниесі, әдебиеті, өнері, тарихы, саяси-экономикалық барлық іс-шарада осы әліпбиді қолданады.

Латын әліпбиі (1928 - 1940). Қазақ ұлтының он жыл көлеміндегі рухани мұралары осы әріппен жазылады.

Кириллица. 1990 жылдан бастап Қазақстан, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан қазақтары мәдени-рухани және саяси-әлеуметтік жұмысты осы әліпбимен жүргізеді.

#### **Дәрісті бекіту сұрақтары:**

1. Қазақ тілі туралы не білесіз?
2. Қазақ тілі түркі тілдерінің қай тобына жататын тіл?
3. Қазақ жазуының тарихы қай ғасырдан басталады?
4. Қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық теориясы?

